

«Бейімбет Майлин»

ҚОӨББ «Бейімбет Майлин ауданы
білім бөлімінің Валерьянов негізгі
орта мектебі» ЖММ басшы

Г. Утепова



«ДАНАЛЫҚ МЕКТЕБІ» ОТБАСЫЛЫҚ КЛУБЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

«Даналық мектебі» отбасылық клубының қызметі Ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету орталығының және «Адал азамат» бірінші тәрбие бағдарламасын іске асырудың құрамдас бөлігі болып табылады.

Клуб – ең қолайлы жұмыс түрі, өйткені ол қатысушылардың ген құқылы өзара әрекеттестігіне негізделіп, ата-аналарға арналған дамытушы орта құруда әлеуметтік тәсілдің артықшылықтарын барынша толық жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Клуб «Даналық мектебі» еріктілік қызмасына сүйене отырып, білім беру ұйымының нақты қажеттіліктерін және ата-аналар қауымдастығы өкілдерінің ұлттық құндылықтар мен халықтық педагогикалық дәстүрлерді қолдану тәжірибесімен бөлісуге дайын екендігін ескере отырып құрылады.

Клубтың мақсаты: «Даналық мектебі» клубының қызметінің негізгі мақсаты – үлкен буынның педагогикалық әлеуетін өскендіру арқылы позитивті ата-аналық мәдениетті дамытуға ықпал ету.

Клубтың міндеттері:

- ✓ позитивті ата-аналық мәдениетті дамыту ісіне бастамашыл және әлеуетті үлкен буын өкілдерін тарту;
- ✓ ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді білім берудің басты өзегіне айналдыруға жәрдемдесу;
- ✓ ұлттық құндылықтар мен халықтық педагогикалық дәстүрлерді қолданудың он тәжірибесін тарату арқылы жас ұрпақты тәрбиелеуге үлес қосу.

Күтілетін нәтиже:

Үлкен буын өкілдерінің тәжірибесін тиімді пайдалану арқылы позитивті ата-аналық мәдениетті қалыптастыру және жас ұрпақты тәрбиелеудің өзекті мәселелерін шешу.

Қызметтің мазмұны мен ерекшеліктері Қазақстанның мәдени бірегейлігін сақтау және дамыту мақсатында Клуб отырыстарының тақырыптарын айқындау кезінде қазақ халқының құндылықтары мен дәстүрлеріне сүйену міндетті. Сонымен қатар, Қазақстанда өмір сүретін басқа этностардың мұрасын ескере отырып, кездесулердің мазмұны мен тақырыбын байыту ұсынылады.

«Даналық мектебі» клубының ерекшелігі – оның басты бағыты ата-аналар қауымдастығымен жұмыс жүргізу болып табылады.

Мектептің нақты сұраныстары мен қажеттіліктеріне сәйкес, Клуб қазақ этнопедагогикасының тәрбиелік әлеуетін келесі секциялар арқылы жандандыруға бағытталады: «Әжелер мектебі», «Аталар мектебі», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі».

Клубтың жалпы қызметін ұйымдастыруға білім беру ұйымының директоры жауапты. Бұл жұмыстан тікелей кураторы – тәрбие ісі жөніндегі орынбасар. Қамқоршылық кеңес Клубтың қызметіне жан-жақты қолдау көрсетеді.

Ұсынылатын жұмыс түрлері:

- ✓ интерактивті дәрістер;
- ✓ әңгімелер мен тақырыптық пікірталастар;
- ✓ қызықты адамдармен кездесулер;
- ✓ бейнематериалдарды қарау және талқылау;
- ✓ шығармашылық кештер және басқа да іс-шаралар.

«Даналық мектебі» клубының жұмыс жоспары мен кестесін мектеп директоры бекітеді. Клуб отырыстарының жиілігі ата-аналар қауымдастығының сұраныстарына қарай анықталады.

Клубтың қызметінің сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында оның тұрақты мүшелік құрамы болғаны жөн. Сонымен бірге, әртүрлі тақырыптағы кездесулер жаңа қатысушыларды тартуға мүмкіндік береді.

Ақпараттық қолдау

Клубтың қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде кеңінен жариялау қажет.

Оқиғаларды жариялаудың ұсынылатын түрлері:

- ✓ тікелей эфирлер;
- ✓ сұхбаттар;
- ✓ репортаждар;
- ✓ маңызды іс-шараларға анонстар;
- ✓ пікір алмасулар.

«АНАЛАР МЕКТЕБІ»

«Аналар мектебі» Костанай облысы әкімдігі Білім басқармасының Бейімбет Майлин ауданы білім беру бөлімінің «Валерьянов негізгі орта мектебі» КММ базасында «Адал азамат» тәрбие бағдарламасын іске асыру аясында құрылды.

Негізгі міндеттері:

- отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту, балаларда адамгершілік, мәдени және азаматтық құндылықтарды тәрбиелеуде ананың рөлін арттыру;
 - аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру;
 - жауапты ата-аналықты қалыптастыру;
 - отбасылық тәрбие тәжірибесімен алмасу;
- мектеп пен отбасының бірлескен іс-шараларына қатысу.

Жұмыс түрлері:

жиналыстар, кездесулер, шеберлік сабақтары, бірлескен акциялар мен іс-шаралар өткізу.

Басқару және ұйымдастыру:

«Аналар мектебінің» жетекшісі мектеп директорының бұйрығымен тағайындалады.

Жұмыс бекітілген жылдық жоспар бойынша жүргізіледі.

«ӘКЕЛЕР МЕКТЕБІ»

«Әкелер мектебі» Костанай облысы әкімдігі Білім басқармасының Бейімбет Майлин ауданы білім беру бөлімінің «Валерьянов негізгі орта мектебі» КММ базасында «Адал азамат» тәрбие бағдарламасын іске асыру аясында құрылды.

Негізгі міндеттері:

- тәрбиелеу процесіне ер адамдардың белсенді қатысуын дамыту;
- жауапты әкелік ұстанымды қалыптастыру;
- отбасылық құндылықтар мен салауатты өмір салтын насихаттау;

- әкенің отбасындағы және қоғамдағы беделін нығайту.

Жұмыс түрлері:

жиналыстар, кездесулер, шеберлік сабақтары, бірлескен акциялар мен іс-шаралар өткізу.

Басқару және ұйымдастыру:

«Әкелер мектебінің» жетекшісі мектеп директорының бұйрығымен тағайындалады.

Жұмыс бекітілген жылдық жоспарға сәйкес жүргізіледі.

«ӘЖЕЛЕР МЕКТЕБІ»

«Әжелер мектебі» Костанай облысы әкімдігі Білім басқармасының Бейімбет Майлин ауданы білім беру бөлімінің «Валерьянов негізгі орта мектебі» КММ базасында «Адал азамат» тәрбие бағдарламасын іске асыру аясында құрылды.

Негізгі міндеттері:

- өмірлік және мәдени тәжірибені жас ұрпаққа жеткізу;
- үлкендерді құрметтеу сезімін тәрбиелеу;
- отбасылық дәстүрлер мен рухани құндылықтарды қолдау;
- халықтық дәстүрлер мен ұлттық салт-дәстүрлерді насихаттау.

Жұмыс түрлері:

жиналыстар, кездесулер, шеберлік сабақтары, бірлескен акциялар мен іс-шаралар өткізу.

Басқару және ұйымдастыру:

«Әжелер мектебінің» жетекшісі мектеп директорының бұйрығымен тағайындалады.

Жұмыс бекітілген жылдық жоспарға сәйкес жүргізіледі.

«АТАЛАР МЕКТЕБІ»

«Аталар мектебі» Костанай облысы әкімдігі Білім басқармасының Бейімбет Майлин ауданы білім беру бөлімінің «Валерьянов негізгі орта мектебі» КММ базасында «Адал азамат» тәрбие бағдарламасын іске асыру аясында құрылды.

Негізгі міндеттері:

- балаларда еңбекқорлық, батылдық және патриоттық қасиеттерді тәрбиелеу;
- өмірлік және еңбек тәжірибесін жас ұрпаққа жеткізу;
- аталарды мектептің патриоттық, спорттық және еңбек бағытындағы іс-шараларына тарту.

Жұмыс түрлері:

жиналыстар, кездесулер, шеберлік сабақтары, бірлескен акциялар мен іс-шаралар өткізу.

Басқару және ұйымдастыру:

«Аталар мектебінің» жетекшісі мектеп директорының бұйрығымен тағайындалады.

Жұмыс бекітілген жылдық жоспарға сәйкес жүргізіледі.